

АНА ТІЛІ

Ұрпақ Тағдыры

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Сөз өнерінің санаткері



Қатарлас қаламгер, қанаттас дос, санаттас сыншы, аббаттас әдебиетші Қансейіт Әбдесұлы туралы жазуға отырар тұста, ең алдымен, мақалаға мұрындық болатын мысали мазмұн ойға қонақтады. Дәулескер домбырашы, кең жайлау күйші Дәулеткерейдің «Ақжелең» күйі көңіл пернесінде ойнап, халқымыздың қарасөз тіркесінде ежелден бар «ақжелең азамат» деген сөз қаламға сұранып-ақ тұрды.

Қашан көрсең де базардан барын алып қайтқандай арқа-жарқа, құшағын жайып құда күткендей көңілпаз, шыңырау қазса да шырайы кетпейтін шамдағай Қансейіттің адами-азаматтық портретін кейіптеу кезінде осы теңеу ойда тербелді де тұрды. Алғашқы, балаң кезіндегі, ақынжанды албырт көңілі алыс-жақыннан көрініп, әдебиеттің қыры мен сырын, жыры мен дуын талдауға келгенде сөзі құйылып, пейілі бұйырып тұратындықтан, ол ағымдағы тірліктің ала шапқын ағысында бойлап та көрінеді, ойлап та көрінеді, әзілге келгенде ойнап та көрінеді.

Бір-бірімізді студенттік кезден білеміз. Біздер кейде доп қуып, дуға араласып, кештердегі шуға араласып кеткенде ол кітапхана залында көз майын тауысып, кітаптардан қорған жасап, Махамбетпен мұңдасып, Абайменен сырласып, Әуезовпен күнді ашып отыратын еді. Алдына қара салмай оқып, арғы-бергі әдеби кезеңдерді саралап, дидарын даралап, ғылымның көкжиегіне күн салып қарап, өрісіне өкшесін көтере

қозғалып, із кескен аңшыдай ізденумен болды. Абай айтқан «бес дұшпан» одан қашық жүрді, оразасын кітаппен ашып жүрді. Студенттердің ғылыми мәслихаттарында мінбеде көп тұрған осы Қансейіт шығар. Шәуім басын шайқап қойып, ұстаздарының ұрымтал сұрақтарына ұтырлы жауап беріп, ғылымның көне соқпағына қарай қадам басқан Қансейіт жылдар өте келе баяғы ұстаздарының орнына шыққан ауыспалы ойыншыдай қалыптасып, аудиторияны аузына қаратып, әдебиет теориясының, көркем сөз өнерінің майталман маманына айналып, қазіргі қазақ әдебиетінің танымгер тамыршысына, талғампаз сыншысына айналды. Қомдап жинаған қазынасын ортаға салып, томдап кітап жазды. Әдеби өмірдің әлеуетті қайраткеріне айналды. Ғылымда даңғыл жол жоқ деген ұғым бар ғой, осы сөзді қайта қарауға жетелеген ұлы ұстаздардың даңғылын кеңейтуге кірісті.

Әл-Фараби бабамыздың атын ардақтаған ұлттық университетте әлемге сөз дарытқан Әуезовтен жалғасқан, қара сөздің құлагері Қабдоловқа ұласқан Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болған тұста өндіре еңбек етіп, өнімін жас толқынның көңіл қырманнаына құюмен болды. Өзі құрметтеумен келе жатқан Абай атындағы ұстаздық университет – жүз жылдық тарихы бар оқу ордасында проректор болғаны бар, ҚызПУ мен ҚазҰУ-да талай жыл тіл-әдебиет факультетінің деканы болғаны бар, Фараби Университетінде Докторлық ғылыми кеңеске басшылық жасағаны бар, филология ғылымының докторы, профессор, әйгілі Айтматов Академиясының және Жоғары мектеп Ұлттық Академиясының академигі деген абыройлы атағы бар, біраз жыл мемлекеттік қызметте шенеуінік болып, папка қолтықтағаны бар, әдеби процестің аужайын байқап, тамырын ұстаған, қазақ прозасының тыныс-болмысын саралаған сан алуан әдеби-ғылыми кітаптары бар, «Тарихи тұлғалардан тартып», «Жазушы мен заман шындығы» хақында ой толғаған еңбектері бар, таным көкжиегін көрсеткен монографиялары, қазіргі кезеңде Алматы мен Астанада болып жататын әдеби-мәдени бас қосуларда мінбердің мәртебесін көтеріп, апта сайын баяндама жасап, күн сайын көсемсөз түзетін әбжілдігі мен шапшаңдығы бар, олқысынбай оқулық жазып, аспиранттардың ақылына ақыл, біліміне нақыл қосатын белсенділігі тағы бар, қысқасы бәрін қосқанда бір адамға салмақ түсіретін беделге ие болса да, баяғы ақжелең қалпынан айныған жоқ. Алатаудың жамырап жарысқан бұлақтарындай аламан пейіл, ақкөйлек көңіл, ашық жағалы өмір.

Сөз өнерінің сардары мен сөздің киелі салмағы тең түсіп, тізгін қағысқан сәттерді Қансейіттің өзі де талай рет тамсана айтып, таңырқап бас шайқаған. Сол жолда келе жатқан оның да шәкірттері ағеділ азаматтың кереге көйлек қасиеті мен өнегелі өсиетін айта жүргенін естіп те, оқып та жүрмін. Тегінде, ұстаз бақыты деген осы болар.

Қансейіт әдебиеттану ғылымына тыңғылықты дайындықпен, әдеби-біліми ыждағаттылықпен, сөз парасын түсінген парасатпен, ұлы ұстаз –

Мұхтар Әуезовтің: «шын сын болсын, сын шын болсын» деген ұстанымына ат байлаумен, «Әдебиет – ардың ісі» деген Қабдолов қағидасына қазық қағумен келді. Оның қазақ прозасының қахармандары, соның ішінде ұзақ жылдар әдеби сынның, көркемдік бағалаудың назарынан тыс қалып келе жатқан көрнекті қаламгер Тәкен Әлімқұловтың шығармашылық қуаты мен қаламгерлік мұратын танудағы және танытудағы тапжылмас талпынысы Тәкентанудың жаңа бетін ашты. Көркем прозаның көрікті дүниесін оқырман мен әдеби қауымның назарына ұсынып, қазақ прозасындағы көркемдік шешім мен тарихи танымның ара жігіне алтын көпір салып, Тәкен тілінің тоғыз ерекшелігін тап басып айтып, әсіресе оның шағын жанр – әңгімелеріндегі терең психологиялық ағыстар мен философиялық ой орамдарын аша отырып, қазақ прозасының 60-80 жылдардағы жеткен биігін түгендеп шықты. Өзі де сол биіктен аласармауға ұмтылды. Одан кейінгі «Тарихи тұлғалар және қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбегінде өнер көгінде жанған жұлдыздардың әрқилы талайлы тағдырын арқау еткен Әлімқұлов прозасының ауқымын, жалпы қазақ әдебиетіндегі осы тақырыпты қамтыған бір шоғыр қаламгерлердің туындыларына талдау, сараптау жасай отырып, қазақ прозасының тақырыптық табысын жан-жақты бағамдады. Шығарма мен шындықтың, дәстүр мен көркемдіктің ара жігін алшақтатпай, қайта жымдастыра өріп, әдеби жетістіктің себеп-салдарын ашып, талғам таразысы тұрғысынан әділ билік айтты. Сыны шын болып, шыны сын болып шығып отырды.

Әдебиет сынына, әдебиеттану саласына келген адамға қандай қасиет лайық? Ең алдымен, әдеби жүктің толық болуы. Сонан кейін көңіл таразасында көлеңкелі ойдың болмауы. Әдеби әділдіктің сақталуы. Талдап отырған тақырыпты игерудегі дайындық. Айтар ой мен білдірер пікірдің сонылығы мен жаңалығы. Қоғамдық-әлеуметтік ойдың туындыдағы оқырман көңілінен шығуына жауапкершілік. Тілдік байлық, толғаулы тіркес, шынайы ашықтық. Біреудің қабағына, біреудің табағына қарамайтын туралық. Сын туралы сын көп болады, соған моральдік тұрғыдан дайын болу. Ғылыми тұжырым мен авторлық ремарканың айқындығы. Сөз танудағы санаткерлік. Ой өрудегі қаламгерлік. Ізденіс және ізденіс.

«Таным көкжиегі» атты әдеби-публицистикалық кітабында қоғам өміріндегі қаламгердің парызы мен қарызын бағамдауда олардың шығармаларындағы шындық пен идеялық-көркемдікті бірге өріп, біте қайнастырып, алған тақырыбының өн бойына өзектес ойларын себездеп дарытып, жақсыны жақсы деп, ал жасықты жасық деп айқайлап айтпаса да, астарлы сөз, айшықты пікірмен алып шығады. Бұл жерден әдебиет сыншысының эстетикалық реңі этикалық бояуға жол беріп, мәдени монологы дидактикалық дәйекке ұласады. Жалпы Қансейіт «көкжиек» деген сөзге көбірек ден қояды. Бұл сөздің тура және

ауыспалы мағынасын терең білгендіктен, әдеби өмірдің көкжиегіндегі кемпірқосақ түстес құбылып тұрған әдеби жанрлардың табиғатын ашуда сөз өнерінде ұстаздық ұлағаттан жеткен тәсіл-амалдарды қапысыз қолданып, қиыннан жол тауып кетеді.

Биыл сөз зергері, Әуезовтің өзінен бес деген баға алған академик Зейнолла Қабдоловтың 95 жылдығы қарсаңында Қансейіт «Зейнолла Қабдолов және Махамбет тұлғасы» деген мақала жазды. Тақырыбының өзі тың, алған кейіпкерлерінің де бір-біріне деген қарым-қатынасы да тың. Мемлекеттік сыйлықпен атап өтілген «Менің Әуезовім» деген роман-эсседен кейін Зейнолла Қабдолов ұстазымыз Махамбет туралы тарихи романға отырып еді. Мүмкін атын қойып үлгермеді, мүмкін бұл да «Менің Махамбетім» деп аталар ма еді, кім білсін, өкінішке орай, Зекең бұл шығармасын аяқтап үлгермеді.

Қансейіт осы мәселені тереңдей танып, автордың айта алмай кеткен - идеясы мен көркем кестесін ойша одан әрі өрбітіп, тарихи екі тұлғаның арасындағы рухани-тарихи жақындықтың тіні мен ділін әдебиетші ғалым көзімен қарайды. Әрине, аяқталмай қалған көркем шығармаға толық баға беру қиын, дегенмен сыншының: «Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге түседі» деп дәл сілтеме-анықтама беруі жаңа шығарманың көркемдік көкжиегін көрсетіп тұрғандай.

Махамбет туралы жазылған әр жанрдағы туынды өте көп, олар бір-бірін қайталамауға тырысады, бірақ кейіпкердің күрделі тағдыры қаламгердің еркінен шығып кетіп, кейде бас білдірмей кететіні де бар. Бұл тұрғыдан келгенде, кезіндегі Қажым Жұмалиевтен басталып, Рахымжан Отарбаевқа дейінгі қаламгерлердің Махамбет туралы шығармаларынан Зекеңнің көркемдік, тарихи қабылдауындағы Махамбет басқаша шығатыны дау туғызбас еді. Зекеңде Махамбеттің жан-дүниесіндегі сәулелі, мұңды-зарлы, қайсар-қуатты болмысы нәзік те шетін иірімдермен де көрінуі мүмкін еді. Махамбет – жүзіне қол тигізбес алдаспан ғой, бұл тақырыпқа бару үшін Зекең өмір бойы ойланса керек. Қансейіт осының бәрін ашып айтуға ұмтылды. Махамбетті мың адам жазса да көптік етпейді, бірегей етіп бір адам жазса да аздық етпейді. Қансейіт Әбдешұлы қазір өзі түлеп ұшқан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры. «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың» деп ұлы ақын Мұқағали жазғандай, мектеп бітіре сала, бұғанасы енді қата бастаған бозбаланың осы жерге қысыла келіп, үлкен өмір жолынан өтіп, сан атақты қанжығасына байлап, ағаға іні, ініге аға, жас толқынға тәлімгер, әдеби-ғылыми өмірге мәлімгер болып жүріп өткен жолында нығметті ғибрат жатыр.

Жазарың мен базарың, көрерің мен берерің, тапқаның мен танығаның ұлтыңның рухани қазынасына қосыла берсін.

Күнде таңертең туған білім ордасына келіп, аудиторияны аузына

қаратып дәріс оқып тұратын Қансейіт досым туралы бұл мақаламды өлеңмен аяқтасам, реті мен сәті келіп тұрғандай.

Есіңде ме, Қансейіт?!

Есіңде ме, Қансейіт,
Сол ҚазГУ-дың кезеңі,
Жүректерде жатты ағып жастық шақтың өзені.
Арман деген арғымақ алып қашты алысқа,
Алдымыздан шақырған адал, аппақ сөз еді.
Есіңде ме, Қансейіт,
Жатақ дулап жататын,
Көңілдердің тауынан күндер күліп ататын.
Жастық шақтың арайы қызыл-жасыл түрге еніп,
Күннің өзі қия алмай әрең-әрең бататын.
Есіңде ме, Қансейіт,
Ғұламалар дәрісі,
Жақсылардың біліммен жұбын жазған жарысы.
Кітапхана залында сынақтардың сыбыры,
Жігіттіктің жел қуған жалаугерлік намысы.
Есіңде ме, Қансейіт,
Ұмытпассың өзің де,
Сәуір келсе себездеп от салатын сезімге.
Әуезовтің әуені аудиторияны аралап,
Сосын келіп қонатын Қабдоловтың көзіне.
Есіңде ме, Қансейіт,
Стипендия алған күн,
Қорамсаққа қол салып, батырлыққа барған күн.
Жау тылында жүргендей жан-жағыңа қарайлап,
Жармасушы ек жалына ала шапқан арманның.
Есіңде ме, Қансейіт,
Желге шапқан шалғайың,
Дәмін татып сезімнің шөліркеген таңдайың.
Қидың-дағы көңілді қарамастан басқаға,
Сүйдің-дағы ынтығып Гүлбаршынның маңдайын.
Есіңде ме, Қансейіт,
Сынның бүгін сарасы,
Досқа пейіл бергенде жоқ көңіліңнің аласы.
Жылжып кеткен жылдардан көрінер ме сол бір шақ,
Жәудіреген жастарға қайырылып қарашы.
Болдың енді, Қансейіт,
Сен халықтың баласы,
Жайсаңдардың інісі, жас толқынның ағасы.
Талайлардың арманы, үміттердің үлгісі,
Бата берер жасқа да келіп жеттің шамасы.

Келіп жеттің, Қансейіт,
Жетпіс деген немене,
Көңілдегі көк дөнен қайыруға келе ме?
Қанатыңды жай бүгін, қарап тұрсын халайық,
Мол пішілген осынау сенің палуан денеңе.
Келіп жеттің, Қансейіт,
Жетпіс қалар қол бұлғап,
Әрі қарай тарта бер, жүрер жанға жол қымбат.
Көкіректе гүл атып маусымдағы мас көңіл,
Күтіп тұрсын алдыңда толы өзен мен торғын бақ.
Келіп жеткен Жетпісің,
Жаңылмаған қадамың,
Тыңдай бергін жалықпай жақсы күннің жаңа әнін.
Санаңдағы сөзіңді, мінездегі төзімді,
Жетелесін талмастан жетектегі қаламың.
Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты